**Өмірбаян**

**Тлепов Агия**
**(1914- 1994ж)**

Тлепов Ағия 1914 жылы 1 қаңтар айында Жыңғылды ауылы «Қарқын» жерінде өмірге келді.

Сол жерден 7 сыныптық білім алған. Таушыққа 1939 жылы көшіп келген. 1939 жылы 28 қыркүйекте Аудандық байланыс бөліміне «электр-монтаж» болып жұмысқа орналасқан.

Осы Таушық ауылынан 1942 жылы Ұлы Отан соғысына аттанған. Әскери дайындықтан кейін 1943 жылы Украина майданы бағытына алып келген. Сол жерде ұрыстарға қатысып, Ростов қаласы үшін болған шайқаста ауыр жараланған. Госпитальға орналасып, 1944 жылы елге оралған. III топтағы мүгедектік книжкасын алған. Таушықтағы байланыс бөлімшесіне келіп жұмысын жалғастырған.

Ұлы Отан соғысына қатысқан үшін I дәрежелі Отан соғысы орденімен, «За доблестный труд в великой отечественной войне 1941-1945г» медалімен, «1941-1945жж. Ұлы жеңістің 20, 40, 60 жылдық мерекелік медалдарымен марапатталған.

Тлепов Ағия Маңғыстау ауданына Таушық – Тұщықұдық – Ақшымырау, Таушық – Жыңғылды – Шетпе - Онды-Үштаған бағытына радио мен телефон линияларын тартып, халықтарды жан-жақпен хабарластырған. 1961 жылы №7 жаңа ауыл сайлау округы бойынша 1961 жылы 5 наурызда поселкелік совет депутаты болған.

№21 Сартас сайлау округы бойынша 1969 жылы 16 наурызда поселкелік советтің депутаты болған.

1971 жылы №9 Ескі Шығыр сайлау округы бойынша 1971 жылы 10 маусымда поселкелік совет депутаты болып сайланған.

Осы еңбектері үшін Республика Байланыс Министрі «Құрмет» грамотасымен марапатталған.

Әзірбайжан Қонарбаевтың 27.06.1978ж №125 «Известия» газетіне шыққан статьясы жолдасы Аккүн екеуінің Таушықтағы байланыс мекемесіндегі абыройлы қызметі куә. Байланыс бөлімшесінде 1979 жылдың соңына дейін 40 жыл жұмыс жасады.

II топтағы мүгедектік книжкасын алды.

Зейнетке шыққан соң 1984 жылы «Жаңа-жол» серіктестігіне қарауыл қызметіне орналасты.

1994 жылы 25 қазанда өмірден өтті.




в № 424745

Тлепс в

Агия

ЗА ХРАВРОСТЬ, СТОЙКО МУЖЕСТВО,
ПРОЯВЛЕННЫЕ В БОРЬ ЕМЕЦКО-
ФАШИСТСКИМИ ЗАХВ АМИ,
И В ОЗНАМЕНОВАНИЕ ИЯ
ПОБЕДЫ СОВЕТСКОГО
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННО Е
1941—1945 ГОДОВ
УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМ
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА С
от 11 марта 1985 г.
НАГРАЖДЕН ОРДЕНОМ

ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ
I степени

*Секретарь Президиума*
*Верховного Совета СССР*

№ ордена 1996947

# ӨЛГЕНДІК ТУРАЛЫ КУӘЛІК

Азамат(~~та~~) Тилепов Ануф
фамилиясы,

аты, әкесінің аты

қайтыс болды 25.10.1994 ж. 25 қазан,
күні, айы, жылы
бір мың тоғыз жүз
(цифрмен және жазумен)
тоқсан төртінші жылы.

жасы 80 бұл жөнінде өлгендік туралы актілерді тіркеу кітабында

19 94 жылы қазан айының 26 күні

жазылды № 12

Өлу себебі острая сердечно-сосудистая недостаточность. Атеросклероз коронарных и мозговых сосудов

Өлген жері; қала, село Таушық

аудан Түпқараған

облыс, өлке Маңғыстау

Республика Қазақстан

Тіркелген орны Таушық селолық
АХАЖ органының аты мен
әкімшілігінің АХАЖ бөлімі.
тұрған орны

Берілген уақыты «26» қазан 19 94 ж.

М. О.

Азаматтық хал актілерін жазатын бөлімнің (бюроның) меңгерушісі

I-ЛВ № 275017

31